

**«8D05101-Биология» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Джумаханова Гаухар Бактиярованың «Оңтүстік және Оңтүстік – Шығыс Қазақстандағы хара балдырларының қазіргі жағдайы мен оларды қолдану перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
Отандық ғылыми кеңесшісінің**

**ПІКІРІ**

Өсімдіктер алуантүрлілігін анықтап, олардың ерекшеліктеріне жан-жақты биологиялық зерттеу жүргізу, оның ішінде балдырлардың әртүрлілігін, жіктеу құрылымын және олардың флорасының құрамын талдау - оларды сақтау және жойылып кетудің алдын алу үшін қолайлы негіз және биология ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Балдырлар морфологиялық, анатомиялық ерекшелігі мен әртүрлілігіне, экологиялық және географиялық таралуына байланысты ғылыми және практикалық тұрғыдан қызықты және қазіргі уақытта зерттеуші ғалымдар үшін олардың шешілуін талап ететін мәселелер ең күрделі және маңызды болып табылады.

Гаухар Бактиярованың диссертациялық жұмысы Оңтүстік және Оңтүстік – Шығыс Қазақстандағы хара балдырларының қазіргі жағдайы мен түрлік құрамын анықтау және жан-жақты сараптама жасауға арналған. Зерттеу нысаны болып табылатын өзен-көлдердің басым бөлігіне бүгінге дейін альгологиялық зерттеу жүргізілмеген тың жерлер.

Автор зерттелуші су айдындарынан балдырлардың 8 бөлімге жататын жалпы саны 223 түрі анықтаған және оның ішінде хара балдырларының 1 бөлімге, 1 классқа, 1 қатарға, 3 тұқымдасқа, 3 туысқа жататын жалпы саны 10 түрі және 1 формасы анықталып, заманауи систематикалық жүйеге келтірген. Оның ішінде Қазақстан балдырлар флорасына *Chara globata* W. Migula (Балқаш көлінен) және *Chara aspera* var. *subinermis* Kutzing (Сорбұлақ көлінен) түрлері алғаш рет тіркелді.

Анықталған балдырлардың экологиялық топтары және географиялық таралуына әсер ететін факторларды нақтылау бойынша зерттеулер жүргізген. Мұнда зерттелуші өзен-көлдердің органикалық ластану деңгейі, топырақ қабаты, теңіз деңгейінің биіктігі, су температурасы, рН-реакциясының балдырларға әсері талқыланды.

Зерттеу жұмысымызда кездескен балдырлар түрлеріне таксономиялық, экологиялық және географиялық талдау жүргізу нәтижесінде сол балдырлардың тіршілік ету ортасына биоиндикациялық баға беру жұмыстары жүргізілген.

Анықталған хара балдырлары мен Израиль мемлекетіндегі Қазақстан экологиясына сай келетін аймақтардағы хара балдырларына салыстырмалы молекулалық-генетикалық әдіс және ПТР әдісімен харофитті балдырлардың микросатолитті локустар арқылы генетикалық полиморфизіміне сипаттамалар жасалған, секвенирлеу жұмыстары жүргізіліп, филогенетикалық ағашы құрылған.

Гаухар Бактиярованың диссертациялық жұмысында балдырлардың маңызы бойынша әдебиеттік мәліметтерге тоқтала келе, өзі жинап, өзі анықтаған хара балдырларын қолдан өсіру және ауыл шаруашылығында, тамақ өнеркәсібінде қолданылатын өсімдіктерге тыңайтқыш қатары пайдаланып, сол өсімдіктерге (бидай, шалғам) болған әсерін, өсіп дамуына тиімділігін көрсетті.

Джумаханова Гаухардың диссертациялық жұмысы Қазақстан суайдындарындағы балдырлар флорасын анықтап, түгендеуде өте маңызды, бірнеше рет экспедицияларға барып жиналған хара балдырларының гербарий үлгілері Ботаника және фитоинтродукция институтының гербарий қорында сақтаулы. Ғылыми жұмысының мақсаты мен міндеттері толық орындалған, алынған нәтижелері еліміздегі альгология ғылымының дамуына үлкен үлесін қосып, жоғары оқу орындарының студенттеріне дәріс беруде бағалы материал болып табылады.

Гаухар Бактиярованың диссертациялық жұмысының нәтижелері бойынша 20 ғылыми мақалалары басылымдарда жарияланған; оның ішінде 2-мақала Web of Science және Scopus мәліметтер базасына енетін Q1, Q2 журналдарда, 1-мақала РИНЦ жүйесіндегі шетелдік

журналдарда, 3-мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комиеті тізіміндегі отандық ғылыми журналдарда, 15 тезис халықаралық ғылыми конференцияларының материалдар жинағында жарияланған.

Ғылыми кеңесші ретінде докторанттың ғылыми жұмысының орындалу сапасын өте жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы жағынан құнды, Қазақстан республикасы білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай келетін аяқталған жұмыс және докторант Джумаханова Гаухар Бактиярованың «8D05101-Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесшісі:  
ҚР ЭТРМ ОШЖДК «Ботаника және  
фитоинтродукция институты» ШЖҚ РМК  
Микология және альгология зертханасының  
жетекші ғылыми қызметкері,  
биология ғылымдарының кандидаты



Саметова Э. С.

